

## КҮН ТӘРТІБІ

СУИЦИДТИ БОЛДЫРМАУ  
МАҢЫЗДЫ

2-бет

## РУХАНИЯТ

АШКӨЗДІКТЕН  
САҚтану

3-бет

## ӘРТАРАПТАН


ЖАҢА СПЕКТАКЛЬ  
КӨРКЕМДІК КЕҢЕСКЕ  
ҚАБЫЛДАНДЫ

4-бет



Ауылын елдің бесігіне балаған қазақ халқы қай кезде де туп-тамыры бастау алған өлкесін ырыстың ошағына, шаттықтың шырайлы мекеніне балаған. Осындай қазыналы қарттарға, жасампаз жастарға толы ауылдың бірі – Талап елді-мекені.

# ТАЛАПТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Бүгінгі таңда 148 шаңраққа құтты қоныс болып, 612 тұрғын тұрып жатқан Талаптың жағдайы еліміздің біраз өңіріндегі ауылдық жерлерден айрықша алда тұр. Ауызсудан тапшылық жоқ. Жезқазған-Ұлытау аймағы бойынша алғашқы болып көгілдір отынның қызығын көру бақыты бұйырғандар да осы талаптықтар. Газ келіп, көңілдеріне жаз орнаған ауылда өмір сүру қаладан ыңғайлы екенін біразы біледі. Көріз жүйесі жұмыс істейді.

Абай, Құрманғазы, Д.Бектебергенов көшелері толық асфальтталды. Тәрбиенің тұтқасына айналған мектеп те қажетті мамандармен толықты.

Ауырғандарға мейірбике дер кезінде ем көрсетіп, қалайық ауруханамен бірлесе жұмыс істеп отырады. Ауылдағы клуб ұжымының жеткен жетістіктері де аз емес. Бүгінде олар вальс

патшасы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Өн падишасы» бауқауын ұйымдастыру жұмыстарына барын салуда. Талапта жаңа саябақ бой көтерді. Берік қоршау орнатылып, балалар ойын алаңы, жаттығу құрылыстары қойылды. Енді тек жарықтандыру жұмыстары ғана қалып отыр.

Ауыл мен Жезқазғанның ортасындағы жолдың жайы да жаман емес. Қаламен екі орта аса ұзақ дегенде 25-30 минуттай ғана. Қызылорда мен Жезқазған арасындағы республикалық маңызы бар жолды жөндеу мәселесі де қозғалып, осы бағыттағы жоба жүзеге асқалы отыр. Бұл жағдайда көрші облысқа барар жолда орналасқан Талаптың экономикалық жағдайы да жақсарары сөзсіз. Бұл ауылдан кәсіп ашып, тың идеяларын жүзеге асыруға ниеттілер үшін таптырмас мүмкіндік екені сөзсіз.

►► 2-бетте

# ҚАЛАМГЕРІН ҚАДІРЛЕГЕН...



Қазақ халқы Ұлы Даланың заңғарына айналған ұл-қыздарға бай. Солардың ішінде ақын, журналист, аудармашы Қуаныш Ахметовтің орны бөлек. «Қарлығаш», «Жетіген», «Қос арна», «Көзайым» жыр жинақтарының авторы Қуаныш АХМЕТҰЛЫ Ақтөбе облысында дүниеге келгенімен, жастық сұмырын Жезқазғанға арнап, кенді өлкеңің қарыштым түрде қанат қағуына өзіндік мол үлесін қосты.



II томдық «Ұлы даланың Ұлытауы», «Кенесары хан Ұлытау өңірінде», «Замана заңғарынан» атты еңбектерінде өзінің білімді тарихшы екенін де дәлелдеп, өлке тарихын республика деңгейіне паш етті. Ұлытау және Бірғыл аудандарының Құрметті азаматы атағын иеленген ол – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, С. Ерубаев атындағы сыйлықтың лауреаты, «Түркістанға – 1500 жыл» айдарымен өткен ЮНЕСКО әдеби байқауының жүлдегері, Кенесары хан атындағы республикалық сыйлықтың иегері, Қарағанды облысы бой-

ынша «Жыл жазушысы» номинациясы және өндірістегі және шығармашылық жолындағы еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері Қуаныш Ахметов көзі тірі болса биыл 75 жастың желкенін бағындырған болар еді. Ол Жезқазған кен-металлургия комбинатында уақсе, шахта бастағы, ЖШП-нің бас механигі болды. 1991 жылдан баспасөз, әдебиет саласына біржолата бет бұрды. «Халық кеңесі», «Ана тілі», «Зан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде тілші болып еңбек етті.

►► 2-бетте

# ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ:

заман талабына сай білім беру бағыттарының тиімділігі

Елбасымыздың көрегендігінің арқасында қазіргі заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатының даму қарқыны артып келеді. Замана талқысына көнбейтін, талап пен талаптың жегіні, терін төгіп, құлашы кең сермейтін, батыр да батыл өр адамына айтады. Қаме басқан жері болса қайталап түзеу, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тұрып, қайта түлеп, озық кеткен қатарына жетіп, одан әрі өтетін озат ұл – қызына айтады. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

«Тұғыр» сөзі «діңгек», «қазық» деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дңгек керек емес. Бір дңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секіді қадалады.

Мәңгілік елдің тамыры ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі – елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тіл – халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәріміз де қолдаймыз.

Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркеннетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі. Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыптасу нормасы болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру – бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. «Келешекке келем біліммен», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құдіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда, «Тіл дегеніміз қай халықтың бол-

масын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсіүнгі де тағдыры.

Қазақ тілі өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымна қонымды, жүрегіне тиімді... қысыл таян қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл.

Сөзімді қорытындылай келе, алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс ерқашан да жүйесін табады. Бір ауыз сөз көкке де көтереді, бір ауыз сөз жерге де кіргізеді. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасақ ештеңенен де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алатынымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Ұлттық тіліміз өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білеміз.

Дамира АЛТАЙБАЕВА

## САНАҚ-2021

Қарағанды облысында 13 қыркүйек күні есеп бойынша 140 881 адам онлайн режимінде халық санағынан өтті



Қарағанды облысында ағымдағы жылғы 13 қыркүйек күні санаяқ бойынша 140881 адам онлайн режимінде халық санағынан өтті. Облыс халқының жалпы санына қатысты қамту пайызы 10,2%-ды құрады.

Облыс аймақтары бойынша Осакаров ауданы көпсаны. Онда 22,7% халық интернет-саунамадан өтті. Сонымен қатар, жоғарғы пайыз Нұра (21,7%) және Абай (18,1%) аудандарында қамтамасыз етілген.

Қарқаралы ауданы және Қаражал қаласы ең төмен қамтылғаны белгіленді, сәйкесінше 5,4 % және 4,3% халық саналды.

Халық санағын sanaq.gov.kz. сайтында онлайн режимінде өтуге болатыны еске саламыз. Сайтта авторизацияның 4 түрлі жолы бар: e-mail, телефон

номері, E-gov электронды үкімет және Аitи мобильдік қосымшасы арқылы.

Онлайн режимінде халық санағын өту кезінде бір адам өзімен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері үшін санақ парақтарын толтыра алатынына назар аудару қажет. Яғни, sanaq.gov.kz сайтына бір рет қана тіркеліп, бір отбасын қамту мүмкіндігі қарастырылған. Санақ парақтарын толтыру басталған сәтте «Респондентті қосу» нұсқасы ұсынылады. Бірге тұратын туысқандық ЖСН-ін енгізген соң жүйе оның толық аты-жөнін автоматты түрде шығарады. Бұл мүмкіндік арқылы санақ парақтарын толтыруға кететін уақытты айтарлықтай үнемдеуге болады. Санақ сауалдарына жауап берген соң хабарлама онлайн өткен барлық отбасы мүшелеріне ортақ болып саналады.

Статистика департаменті азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады.

Sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болады. Онлайн санақтан өткендер 1-30 қазан аралығында интернет-өздердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сұрақтар бойынша тәулік бойынша жұмыс істейтін 1446 және 8 800 800 878 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу тегін. Бұдан басқа sanaq.gov.kz сайтында телефон номерлерімен аймақтардың call-орталығы тізімі бар.

Мамандандырылған sanaq.gov.kz сайтын қорғау үшін Sectigo SSLсертификаты коммерциялық сертификатта орталығынан сатып алынды, онда пайдаланушы мен сервер арасындағы мәліметтер алмасу https қауіпсіз хаттамасы арқылы өтеді.

Халық санағы 2021

ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

Joint Data Center on Forced Displacement

WORLD BANK GROUP UNHCR

қолдауымен дайындалды

## ЕШКІМ ДЕ ШЕТТЕП ҚАЛМАУЫ ТИІС

2021 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП 30 ҚАЗАНҒА ДЕЙІН ӨТКІЗІЛЕТІН ХАЛЫҚ САНАҒЫНА ҚАТЫС!

САНАҚТЫҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

- Халық санағы – белгілі бір уақыт кезінде жағдай бойынша респонденттерді сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарту процесін қамтамасыз ететін статистикалық байқау және өлеңдік санақтардың кезекті раундына орайластырылған мерзімдерде өткізіледі.
- Санақтың нәтижесінде алынған деректер халықтың санын, соның ішінде азаматтығы жоқ адамдардың санын білуге, сол сияқты алдыңғы санақтармен салыстырғанда мәліметтердің қалай өзгергендігін түсінуге мүмкіндік береді. Алынған деректердің нәтижесінде халықтың өртүрлі топтарын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламалар қалыптастырылады. Емханалар, балабақшалар, мектептер мен басқа да инфрақұрылым объектілерін салу бойынша уақыткерлік жоспарлар жасалады.

ХАЛЫҚ САНАҒЫНАН ӨТУГЕ ЖАТАТЫНДАР

ТҰРАҚТЫ ТҮРҒЫНДАР  
Елімізде тұрақты тұратындар (12 жеткен кәсіпкерлер):

- Қазақстан Республикасының азаматтары
- Шетелдіктер
- Азаматтығы жоқ адамдар
- Құжаттандырылмаған тұлғалар

ШЕТЕЛГЕ ІССАПАРҒА ЖІБЕРІЛГЕНДЕР  
Қазмектік мәселелері орнындауымен байланысты 12 айдан одан көп мерзімге шетелге іссапарға жіберілгендер

ШЕТЕЛГЕ КЕТКЕНДЕР  
Келісімдері бойынша жұмысқа немесе оқуға 12 айдан аз мерзімге шетелге кеткендер

ТҮРІСТЕР  
Шетелге уақытша демалысқа, емделуге немесе қонаққа кеткендер

ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР  
Шетелде Қазақстан Республикасына тұрақты тұрау келген немесе наза іздген қоныс аударушылар

ЕЛДЕ УАҚЫТША ЖҮРГЕНДЕР  
Шетелдер, азаматтығы жоқ адамдар және ҚР аумағында уақытша жүрген (12 айдан аз) Қазақстан Республикасының азаматтары

Құжаттандырылмаған тұлғалар – бұл азаматтығы белгісіз немесе құқықтық мәртебесі анықталмаған тұлғалар (мысалы, 1974 жылғы үлгідегі КСРО төлсіздіктері және/немесе КСРО туу туралы куәліктері иеленуші немесе бірінші құжаттандырылмағандар).

САНАҚТАҢ ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ:

- 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 15 қазанға дейін sanaq.gov.kz сайтында, egov.kz электрондық үкімет порталында, «АТТ» мобильді қосымшасында онлайн режимде санақтан өз бетіше өту;
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қазанға дейін интервьюердің көлуін куту;
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қазанға дейін нұсқаушылар уақытсегіне беру.

Санақ негізінде алынған деректердің барлығы құпия болып табылады және Заңмен қорғалады

ҚАЗАҚСТАНДА ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!

Қосымша апаратын алу үшін <https://stat.gov.kz> немесе <https://sanaq.gov.kz> сілтемесі бойынша өтініз.

<https://sanaq.gov.kz>

<https://stat.gov.kz>



Ел Президентінің биылғы Жолдауында бизнесті қолдаудың жаңа іс-шаралары нақтыланды. Осы орайда қаламызда бірқатар жобалар іске асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімі 2022 жылға дейін ұзартылады. Бұл мақсатқа 1 трлн. теңге бөлінеді.

# ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ



Шынында да, бұл бағдарламалар бизнесті қолдау мен дамыту үшін ең тиімді және нәтижелі. Тек жыл басынан бастап «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 996 млн. теңгеге 137 жоба қолдау алды. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы іске асудан бастап 580 млн. теңгеге 6 жоба қолдау алды. Аталған бағдарламалардың жүзеге асуының нәтижесінде 5 мыңнан астам жұмыс орны сақталып, 1500 жуық жаңа жұмыс орындары құрылды. Бизнесті қолдаудың барлық бағдарламалары бойынша ағымдағы жылдың соңына дейін 20-дан астам жобаға қаржылық қолдау көрсетіледі деп жоспарлануда. Жолдауда айтылғандай, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз ету. Бұл мақсатта ағымдағы жылы 2 инвести-

тициялық жоба іске қосылады. Бұл «Самади 2030» ЖШС-нің үн өндіру кешені және «Ахтамов» ШҚ-нің құс етін өндіру фабрикасы. Ауылдық округтерде шаруа қожалықтары және жеке шаруашылықтармен 45 гектарға картоп пен көкөніс, сонымен қатар, бақша дақылдары егілді. Бүгінгі таңда 3 тонна картоп пен көкөніс, 7 тонна бақша дақылдары жиналып отыр. Жалпы, 65 тонна картоп пен көкөніс, 3 тонна бақша дақылдарын жинап алу күтілуде. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында ағымдағы жылдың тамыз айында тұрақтандыру қорынан және облыстық тауар өндіруші кәсіпорындарынан 218 мың дана жұмыртқа, 27 тонна картоп, 3 тонна қант, 2 тонна қарақұмық және 2 мың литр сұйық май жеткізу жұмыстары ұйымдастырылды (сатып алу және сату бағалары: жұмыртқа – 220/240 теңге, картоп – 60/85 теңге, қант – 228/240 теңге, қарақұмық – 341/359 теңге, сұйық май – 690/740 теңге). Жалпы жыл басынан бері 678 мың дана жұмыртқа, 189 тонна картоп, 7 тонна қант, 5 тонна қарақұмық және 8 мың литр сұйық май жеткізілді. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда және үнемі бақылауымызда. 2020 жылдан бастап 3 жыл мерзімге микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері табыстарға салынатын салықтан босатылған, шағын және микро кәсіпкерлікке тексеру жүргізуге мораторий енгізілген.

Бизнесті қолдаудың теңдессіз шараларының нәтижесінде: – шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 5791 бірлікті құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,5 пайызға өсті (5597); – Бөлшек тауар айналымы 27,9 млрд. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда өсім 5,2 пайызға өсті. – шағын және орта бизнестің қала экономикасындағы үлесі 17 пайызды құрайды. Ағымдағы жылдың соңына дейін көлемі 1 млрд. 955 млн. теңгені құрайтын, 220 жаңа жұмыс орны ашылатын 34 нысанның іске қосылуы күтілуде. Индустриалды-инновациялық дамыту мақсатында қаламызда бірқатар жобалар іске асырылуда. Ағымдағы жылы жалпы құны 9,8 млрд. теңге құрайтын 3 инвестициялық жоба іске қосылады. Олар: – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің мыс концентратын гидрометаллургия әдісімен өңдеу тәжірибелік зауыты; – «С и Жест» ЖШС-нің құрылыс жабдықтарын өндіру зауыты; – «Казхимсинтез» ЖШС-нің өндірістік реагент өндіретін химиялық зауыты. Бұл жобаларда жалпы 277 жаңа жұмыс орындары ашылады. Жалпы, Жолдауда айтылған шаралар шағын және орта бизнестің дамуына жаңа қарқын береді. Данияр АРЫНГАЗИН, «Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы



# ТАЛАПТЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте). Кенгір совхозының бір бөлімшесі ретінде құрылған Талап ауылы суармалы егін шаруашылығымен айналысу мақсатында бой көтерген еді. 1973 жылы өзі де совхоз дәрежесін алды. Алғашында Жезқазған облысын сүтпен, көкөніспен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жүргізген совхоз еңбекшілері қайтпас қажыр-қайраты, өлшеусіз еңбексүйгіштіктері арқасында Кеңес Одағына өнім жеткізіп тұрды. 3128 гектар суармалы алқапқа алғашында сир малы жейтін жоңышқа шөбі егілді. Кейіннен адам үшін аса қажетті картоптан бастап, қарбыз, қауын секілді дәмді тіл үйірер бау-бақша дақылдары да өсіріліп, айтарлықтай өнім алынды. Одан бөлек ауыл сыртына пияз да егіліп, Одақ мемлекеттеріне тасымалданып отырды. Бүгінгі ұрпақ үшін мүмкін емес киел-гажайып ертегідей көрінген

шағын ауылдың тарихы осындай. Оның республика аумағын көкөніспен қамтудағы алар орны айрықша болғанына бүгінгі толқын бірі сенсе, бірі күдікпен қарауы бек мүмкін. Дегенмен бұл сол кезеңдерді көзімен көрген Төлеубай Асанғазин атаның өз сөзі. Кеңес Одағы құлағаннан кейін Талаптағы ауылшаруашылығы да таркады. Барлығы жеке меншіктің қолына өтті. Соңғы жылдары ауылшаруашылығына жіті көңіл бөлінбеушілік салдарынан еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұраланқырап қалғаны жасырын емес. Биыл қыс-көктем айларында қарапайым халық тұтынар картоп пен сәбіздің бағасы шарықтап, тұрғындар қалтасына әжептәуір салмақ салды. Жезқазған аймағына келетін бақша дақылдарының 80 пайыздан астамы оңтүстік облыстардан тасымалданады. Осы тұста сол көкөністерді өзімізде өндіруді жөн деп тауып,

алғашқылардың бірі болып бастама көтерген де осы Талап ауылының тұрғындары болатын. Биыл ауылдағы Нұрлан Қожахметов басқаратын «Қожахметов» жеке шаруа қожалығы жерден мол өнім алып, аймақ халқының несібесін арттырды. Ол жалпы көлемі 5 гектар жерге егін егіп, оның 3 гектарына картоп дақылын өсірді. Қалған 2 гектарына қарбыз, қауын тұқымын тастады. Одан 2 тоннаға жуық өнім алды. 500 келдей қиярға қолы жеткі. Картопты қыркүйектің соңына қарай жинамақшы. «Еңбегіне қарай – ризығы» деген осы емес пе?! Ауыл азаматтары «Қаржылай қолдау» қорынан 3 млн-ға дейін кредит алып, төрт түлік, әсіресе, ірі қара мал басын көбейтуді жолға қойған. Әзірге солардың басын көбейтіп жатқан жас кәсіпкерлердің де еңбегімен аймақ жұртын қуанышқа кенелтер күні алыс еместігіне сенеміз.

# ҚАЛАМГЕРІН ҚАДІРЛЕГЕН...



(Соңы. Басы 1-бетте). Кенші-ақынның өмірі мен шығармашылығынан сыр шерткен көрменің алғашқы сөзі Жезқазған қаласының әкімінің орынбасары Зина Ақылбековаға ұсынылды. – Мен Қуаныш Ахметұлымен алғаш 2007 жылы Сәтбаев қаласында жұмыс істеп жүрген кезімде танысқан едім. Ол кісінің бойынан зор мәдениетті, жоғары интеллектіні байқап, өлеңдеріне сүйсінген едім. Ол кісі қазақ филологиясына тек ақындығымен ғана емес, жазушы, тарихшы аудармашылығымен қолтаңбасын қалдырды. Ағамыз Вьетнам халқының көсемі Хо Ши Мин-

нің өлеңдерін, неміс жазушысы Вилли Майнктің «Марко Полоның таңғайып сапары» деректі кітабын, орыс поэзиясының танымал өкілдері К.Ф. Рылеев, В.К. Кюхельбекер, А.И. Одоевский шығармашылығын, сібірлік әйгілі ақын П.П. Ершовтың «Сүзбе сұлу» тарихи дастанын, ресейлік жазушы О.Г. Чистовскийдің Жезқазған өңірі жайлы баяндайтын «Жапан дала жан-жағын...» хикаятын қазақ тілінде сөйлесті. Қарапайымдылығымен дараланған ағамыздың нұрлы бейнесі мәңгі жадымызда, – деген Зина Жұманазарқызы ақынның әулетінен келген ұрпақтарына алғысын білдірді. Одан әрі сөз алған «Қазақтың

Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров Қуаныш Ахметовтің «Ұлытау» кітабы мен «Кетбұқа» атындағы медальді өлке тарихын, Кетбұқа батыр өмірін насихаттап жүрген әдебиет саласының өкілдері мен демеушілерге табыс етті. Медальді алғашқы болып кездесіне таққан Қуаныш Ахметовтің ұлы Мұрат ұйымдастырушыларға рахметін білдірді. «Жезқазған қоштаспаймын сенімен» деп мысты шаһарды өле-өлгенше жүргетінен тастамаған қаламгерге арналған кеш одан әрі әсем өнмен өрілді. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

# ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Менің атым – Лилия. Ұлтым – орыс. Мыс алыбы атанған Жезқазғандағы № 24 мектепте ұстаз болып еңбек етемін. Менің ата-анам Қазақстанда туып өсті. Сондықтан болар Қазақстанның тау-тасы, ауасы, топырағы мен үшін өте ыстық. Өз басым бір нәрсеге қуанамын. Менің Отаным Қазақстан – бейбіт, тыныш, берекелі, бірнеше ұлт пен этнос бір атаның баласындай тату тұрып жатқан ел. Халық үшін шынайы бақыт осы. Менің орыс, қазақ, татар, молдаван, украин достарым көп. Бәріміздің басымызды біріктіріп тұрған бір күш бар: ол – бейбіт елде тұрып жатқан бақыттымыз, ортақ мүддеміз.



Қазақ халқы – бауырмал ел. Құшағы кең халық. Біз оны осы мінезі үшін сүйсініміз керек. Өз басым бір ұлтты қадірлеп, сүю деген сөз – оның ең асыл құндылығын құрметтеу деген сөз. Қазақ тілі – қазақтың баға жетпес байлығы. Осы тілді білу арқылы ғана біз қазақтың әлемін тани аламыз. Осы ой менің қазақ тілін үйренуге ұмтылдырды. Сөйтін қазақ тілін үйренуге бел будым. Қаламыздағы «Тілтану» оқу орталығы, менің қазақ достарым, еңбек

ұжымым бұл жолда көп көмек көрсетті. Курста үйренгендерімді үнемі дамытып отырдым. «Тілтану» орталығы ұйымдастырған шараларға жиі қатысып, жүлделерге ие болдым. Уақытым болғанда теледидардан қазақ тілінде бағдарламаларды көруге тырысамын. Сонымен қоса, әлеуметтік желілердегі қазақ тілді достарымның жазбаларын оқып отырамын. Сөйтін менің қос қанатым қатайды: бірі – ана тілім орыс тілі, екіншісі – мемлекеттік тілім қазақ тілі. Қазір қазақ тілі – бірлік пен татулықтың тірегі. Ендеше ол тілді білу – парызымыз. Мемлекет басшысының 1 қыркүйектегі Жолдауындағы ел тыныштығы мен болашағы жайлы ойлары маған осындай қорытынды жасатып отыр. Сөзімнің соңында қаламызда тұратын басқа ұлт өкілдерін қазақ тілін үйренуге шақырамын. Мұның еш қиындығы жоқ. Уақыт тауып, «Тілтану» оқу орталығына келіңіз. Оқу тегін, оқытушылар тәжірибелі, тек тіл үйренемін деген ниетіңіз болсын.

Лилия РЫБИНА, №24 орта мектептің мұғалімі

# СУИЦИДТІ БОЛДЫРМАУ МАҢЫЗДЫ

Бүгінгі қоғамның қауіпін айналып отырған жайттардың бірі – суицид мәселесі. Статистика мәліметіне сүйенер болсақ, елімізде 2018 жылғы 3,5 мың суицид жасалса, 2019 жылғы 3,8 мың суицид жағдайы орын алған. Өткен жылы 4,8 мың адам өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасаған. 2018 жылғы өзіне қол жұмсамақ болғандар саны 4,2 мыңды құраған еді.



Өзін-өзі өлтіргісі келгендер арасында ер адамдардың үлесі басым. Жалпы суицид фактілері көмелет жасына толмаған жасөспірімдер арасында да жиілеп тұр. Аталған мәселенің алдын-алу және болдырмау мақсатында Жезқазған қаласы полиция басқармасында инспектор-психолог, полиция майоры Перизат Өтеева, теолог Әділет Сәрсен және тарихшы Надежда Дискененованың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Сондай-ақ сәтсіз махабат жағдайлары, отбасынан айрылу, жұмыстағы қиындықтар мен қаржылық жетіспеушілік салдары да адамдардың өз өмірлерімен қоштасуына себеп болып отыр. 25 жасқа дейінгі азаматтар жеке қарым-қатынастың тұрақсыздығынан, сәтсіз махабат оқиғалары кесірінен өмірімен қош айтқанды. 30-40 жастағы тұлғалар отбасынан айрылғанда, жақындарын жоғалтқанда ойсыз әрекетке барса, 40-50 жастағылардың суицидке баруына жұмыстағы жанжалдар, басшылық тара-

пынан көрсетілген қысым әсер еткен. – Ғалымдар өзіне-өзі қол жұмсаудың себептері мен түрткілері адам өмірдің мәнін жоғалтуына байланысты деп санайды. Жан-дүние құлазып, кездесі бос қалғандай анырып қалған адам үрей мен өзін-өзі кінәлауға бой алдырады. Өзін ешкімге қажетсіз сезініп, жан жарасы тереңдей түседі. Осындай түпсіз терең шыңыраудан шығудың жолы тек өмірмен қош айтқу деп түсініп, жаңылыс қадамға баратындар жиі кездеседі. Мен жасөспірімдермен жұмыс істеу барысында олармен жиі сырласуға,

Ай СҮГІР

# ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛДЫ

Қарағанды қаласының №104 мектеп-гимназиясында 9-11 сынып оқушылары үшін «Тәуелсіздіктің жетістігі» тақырыбында республикалық сынып сағаты ұйымдастырылды. Шара жастарды патриоттық тәрбиелеуге және оң дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған.



Іс-шараның құрметті қонақтары «Тұлғанану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова, кәсіпкер және меценат Ерлан Әшім, ҚР еңбек сіңірген қайраткері ақын Дидар Қами болды. – Мені тарихшы көзқарасымен жастарға Отанымыздың тәуелсіздік жылдарындағы табыстары туралы айтып беру үшін сынып сағатына шақырды. Менің ойымша, еліміздің жетістіктері жетіп артылады. Кем дегенде, елде керемет мектептер салынып жатқанын алайық. 104-ші гимназияның өзі бұған дәлел. Балалардың мемлекеттік тілде оқуға мүмкіндігі бар. Білім беру саласында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Жыл сайын педагог мәртебесі артып келеді. Ғылым мен технология дамып келеді. Мұның бәрі біздің егемендігіміздің көрсеткіші, – деп атап өтті Нұрсахан Бейсенбекова. Спикер мектеп оқушыларын бейбітшілік пен бірлікті бағалай білуге, білімге ұмтылуға және қоғамның дамуына өз үлесін қосуға шақырды. Балалар да шетте қалмай, болашақ арман-жоспарларымен бөлісті. – Мен «Жыл оқушысы – 2021» қалалық байқауының жүлдегерімін. Сондай-ақ, менің ұстаздарым мен мектебімнің арқасында қол жеткізген көптеген марапаттарым бар. Болашақта өз еліме пайдамды тигізгім келеді. Себебі қазір менде сапалы білім алу үшін барлық жағдай бар. Қазір біз үшін барлық есік ашық екенін бағалаймын, – деді №104 мектеп-гимназиясының 9 «А» сынып оқушысы Сымбат Аманкелдіна.

# КОРОНАВИРУСТАН ЕМДЕЙТІН 5 АУРУХАНА ЖАБЫЛДЫ

ҚазАқпарат – Қарағанды облысында босаған бес ковид госпиталі жабылды. Олар халыққа көпбейінді медициналық көмек көрсету үшін ишарттық жұмыс режиміне оралды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «Сырақтану көрсеткіші екі есеге жуық төмендегені байқалады. Орташа алғанда, күніне шамамен 350 адам індет жұқтырады. Осыған байланысты бізде төсек қорының жүктесі азайды. Барлығы 4264 төсек орналастырылды, бұған дейін біз оның 1433-ін жинап тастадық. Соның арқасында бес ковид госпиталі жабылды. Олар Қарағанды облысының тұрғын-

дарына көпбейінді көмек көрсету үшін қайтарылды. КВИ төсек-орнының жүктесі – 29 пайыз», – деді денсаулық сақтау басқармасының басшысы Гамаль Токсамбаев. Госпитальдардың жан-сақтау бөлімшелерінде 80 пациент жатыр. Оның көпшілігі ұзақ уақыт өзін-өзі емдеуден кейін өкпенің зақымдануының жоғары пайызымен инфекциялық ауруха-

наға түскен. ӘЖЖ аппаратына 27 адам қосылған. Аурудың төмендеуіне қарамастан, босануға әлі ерте. Аймақ әлі де «қызыл» аймақта. «Біз облыс тұрғындарын өзін-өзі емдемей, барлық шеттеу шараларын сақтауға және өздері мен жақындарын қорғауға шақырамыз», – деді қарағандылықтарға Гамаль Токсамбаев.



Тойымсыздық, уайымсыздық – қайғы анық. Бірақ мұны ұға бермес бай халық. Жинайды кеп, Жинайды кеп, Жинайды, Соның бәрін кетеді жұрт қайда алып?!

Бар деп менің дәулет пенен бақта есем Күдіреттің кең қалтасын қақпас ем. Бір қап түгіл, алтын берсе бір дорба, Соны да мен қоярға жер таппас ем! Кешір мені! Дәулет құтып шаппаймын. Кейде осындай жыр жазам деп жақпаймын Қайтсем бәрін! Алтын түгіл Жанымың

Өзін кейде тығарға жер таппаймын! – деп Қадір Мырза Әлі ағамыз жырлағандай қолында бар болса да қанағат тұтпай, басқаның қолында қанығып кететін адамдар қоғамымызда жоқ емес. Оларды осындай болуға не итермелейді?! Бүгінгі әңгімеміз сол жайлы болмақ.

Адамның әлсіз жақтарының бірі материалдық игіліктерге деген шексіз ұмтылысы. Құранда бұл жөнінде былай делінген: «Шын мәнінде адам баласы шыдамсыз, (әр неге) құмар болып жаралған. Басына бір бейнет жетсе налығш келеді. Ал қандай да бір жақсылық дари қалса, сараңдығы ұстап қалады», (әл-Мағариж, 19-21 аят) келесі бір аятта «Оның (адамның) мал-дүниеге деген құмарлығы өте күшті». (әл-Ғадият, 8-аят). Адам баласы осы бір әлсіз тұсына жеңілсе ашкөз, дүниеқоңыз, сараңға айналады.

Ашкөздік – жүректің рухани дерті, адам бойындағы жиренішті қасиеттердің бірі. Одан сақтану үшін оның не екенін жақсы түсінуіміз керек, сонымен қоса оның өзегін, қалай пайда болатынын білуіміз керек. Ашкөздік дегеніміз – өзінде барды аз көріп, мал мүлікті, дүниені қатты қалау. Анықтамасынан көріп тұрғанымыз-

дай ашкөздіктің өзегі қанағатсыздық, шүкірсіздік және ақыретті ұмытып, дүниеге деген шектен шыққан махаббат. Ол сараңдық, қызғаныш, басқаның қолындағыға қызығып қарау, өзіне тиесілі еместі талап ету секілді көптеген жаман қасиеттерге себеп болады.

Абдулла ибн Омардан (Алла одан разы болсын) жеткен хадисте: Пайғамбарымыз: «Ашкөздіктен сақтаныңдар! Өйткені, ашкөздік сендерден бұрынғыларды опат еткен. Ашкөздік оларға сараң болуды бұйырғанда, олар сараңдыққа ұрынды. Бұзақылыққа бұйырғанда, бұзақы болды. Туыс-бауырмен қатынасты үзуді бұйырғанда, олармен қатынасты үзді», – деп бұл дерттің басқа дерттерді қоздырушы екеніне ишарат етіп кетті.

ла алмайды. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлықпен «табыс» табуға әдеттенген адамдар көбейе бастады. Оның басты себебі имансыздық, ашкөздік. Бұлар шынтуайтқа келгенде адамға тән аяулы сезімдерден, өз халқына, Отанға деген сүйіспеншіліктен, ізгілік пен имандылықтан, жан тазалығынан жұрдай адамдар. «Тәрбие бесіктен басталады» дегендей, әр ата-ана өз ұрпағына мұндай жаман қасиетті дарытпау жағын баласы жарық дүниеге келгеннен бастап ойластыруы тиіс.

Ал енді осы кеселден қалай сақтанамыз, ұрынсақ қалай құтыламыз? – деген адамға



# АШКӨЗДІКТЕН САҚТАНУ

Қай заманда болсын өмір сүрген ұлы тұлғалар мұндай жиренішті – қаттылық, қараулық, қарабайлық сияқты әдеттерден жұртшылықты, әсіресе жасөспірімді сақтандырып отырған. Мәселен, өзбек ойшылы Әлішер Науаи: «Сараң – пайғамбардың жиені болса да, пейішке (жаннатқа) бармайды» десе, түркістандық Ахмет Жүйнеки: «Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды», – дейді.

Сараңдық адамның жүрегін имандылыққа емес, дүниеқоңыздыққа толтырады, сондықтан ол өзін, отбасын ойлауды қойып, жатса-тұрса ойлайтыны байлығы болады. «Өзі тоймастың көзі тоймас» деген мәтелге сай, өзінің байлығы өзгеліктен аз көрініп, қайтсем бөленшенің байлығынан асып түсемін деп, неше түрлі қылмыстық әрекеттерге барып, көленкелі бизнеспен айналысу, пара беру, қылмыстық топтар құру сияқты әрекеттерге барып жатады. Яғни «Сараңдықтың соңы – арамдық» деген мәтелге сай болады. Өйткені, жүректен имандылық, сүйіспеншілік, адамгершілік сияқты қасиеттер қалмай, оның орнына байлыққа деген сүйіспеншілік, махаббат орнығады. Сөйтіп сараңдық адамды Алла Тағалаға құл емес, дүниеге құл етеді. Ашкөздік – адамның құлдық қамыты деген сөз осыдан шығар.

Ашкөздік – ең мықтымын дегендердің жауырынын жерге тигізетін құбыжық. Өйткені, адам неге құмар болса соның құшағында жантәсілім болады.

Ашкөзділіктен арыла алған кісіге уақыт өте келе бәрі қызыға қарайтын болады. Себебі өзгелік қолындағыға қызықпай абыройлы жүру Пайғамбар мақтаған, жұрт жақтаған қасиет.

Алла алдында сұралатынын ұмытып, тек дүниелік пайда қуған адам шынышыл да, принципшіл де, батыл да, өз парызына адал да бо-

жоғарыдағы аяттардың жалғасында Алла Тағаланың айтқанын келтірейік: «Шын мәнінде адам баласы шыдамсыз, (әр неге) құмар болып жаралған. Басына бір бейнет жетсе налығш келеді. Ал қандай да бір жақсылық дари қалса, сараңдығы ұстап қалады. Алайда намаз оқытындардың жөні бөлек. Олар намаздарын үзбей оқиды. Қолдарындағы дүние-мүліктерінде белгілі мөлшерде ақы бар екенін мойындайды, Қайыр тілеуден басқа амалы қалмаған пақырлардың һәм (қанша жерден мұқтаж болса да елге алақан жаюдан қымсынатын) мұқтаж жандардың (ақысы бар екенін біледі)». Осы аятта Алла тағала намазын үзбей оқытындардың сараң болмайды деп мақтап жатыр, себебі олар қолындағы дүниеден өзгеге беретін үлесі бар екенін түсінген, мойындаған. Аяттарды жалғастырып оқысаңыздар басқа да жақсы мақтауларды көресіз. Осы мақтаулы, жомарт адамдар қатарына кірудің кілті намазды үзбей, тиянақты оқу. Өйткені намаз адамды тәрбиелейді, кемшілігін түзеуге бағыттайды. Алла тағала мүміндерге бекерден бес уақыт намазды және басқа да амалдарды парыз етеді. Олардың адамды түзейтін, шыңдайтын өзіндік тәрбиелік мәні бар. Сондықтан мұсылман адам өзінің мойнына жүктелген бес парызына бекем болуы керек. Оның бес парызы рухани дерттерден айығуға апаратын бес дәрісі десек те болар.

Бес дәріміздің біреуін кемітпей уақытылы қолданып жүруді Алла баршамызға нәсіп етсін! Өманда елімізде тыныштық болып, рухымыз аман, деніміз сау, пейіліміз кең, мерейіміз биік, табысымыз баянды болғай!

**Нұрперзент ОМАРОВ,  
Жезқазған қаласы,  
Ахмет ишан Оразайұлы атындағы  
мешіттің бас имамы**

## ОТБАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



*Ислам шариятында отбасы болу, отау құру зибадат болып есептеледі. Шаңырақ көтеріп отбасы болғаннан кейін, сол отбасыға ер адам жауапты. Сонымен қоса діни тәлім беріп, ұрпақтың иманды болып өсуіне ата-ана тікелей жауапты. Алла Құранда былай дейді: «Әй, мүміндер, өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар. Оның басындағы періштелер жуан денелі, қатал. Олар, Алланың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырғалса соны орындайды».*

Мұжахид (р.а.) былай дейді: «Сіздер Алладан қорқыңыздар және отбасыларыңызды Алладан қорқуға бұйырыңыздар. Осылайша тозақ отынан сақталған боласыздар» деген. Осы аяттардан түсінетініміз ер азамат әйеліне, балалары мен бауырларына Алланың бұйрықтары мен тыйымдарына үйрету керек екенін түсінуге болады.

Пайғамбарымыз да (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің хадистерінде былай деген: «**Ер кісі – отбасының бақташысы. Сондықтан ол – қол астындағыларға жауапты**», – деп ер кісінің отбасындағы жауапкершілігін анықтап берген. Бала-шағасына адал ас алып барушы адамдарды Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мақтап, оларды Алла жолында күресушілерге теңеген. Ислам шариятында әйел мен балалары ер азаматқа аманат болғаннан кейін оларға жақсы қарап, киер киімі мен ішер асын, жайлы жатар орнымен қамтамасыз етуі ер кісінің мойнындағы міндеті екені айтылады. Отбасы бақытты өмір сүруі үшін бір-бірін құрметтеуі маңызды. Иманды бақытты отбасылар қандай да қиын-қыстау уақыт болмасын бір-бірін тастап кетпей, көмек қолын созатын отбасы болып табылады. Ер адам балаларымен сөйлесіп, сырласып, мұны болса тыңдап олармен кең мәміле жасағаны абзал. Бақытты отбасы – ислам шарияты орындалып жатқан үй. Әрине, бақытты отбасы болу кейбір қиыншылықтарды жеңу жолымен келеді. Сол жолда жас жұбайларға ақыл мен сабыр, пайым-парасатты ұстану өте маңызды.

Адам өмірінде ең үлкен тәрбие мектебі ол – отбасы. Ыбырай Алтынсарин былай дейді: «**Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-ананы сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды**», – деп тәрбие отбасынан, ата-ананы сыйлаудан басталатынын жас ұрпаққа жеткізген. Алла Тағала баршамыздың отбасымызға екі дүние бақытын берсін. Кезінде ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің жұбайларымен салауатты, бақытты ғұмыр кешті. Оның отбасындағы әрбір ісінде, сөзінде, көркем мінезінде Раббысы бұйырғандай Алла Тағаланың «Ниса» сүресіндегі: «**Жұбайларыңмен жақсы қарым-қатынаста болыңдар**», – деген аятына байланған амал болатын. Өзінің мұбарак хадисінде: «**Сендердің жақсыларың жанұяларына жақсы болғаны, мен сендердің ішінде жанұясына ең жақсы қарайтын адаммын**» деген.

Тұрмыс қамында Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әрдайым әйелдерімен араласып, оларға барлық істерінде жәрдемдесетін. Отбасының тірегі – әке, отбасының жүрегі – ана. Пайғамбарымыздың осы аналарымызды сыйлауы қазіргі жастарға үлгі-өнеге болуы шарт. «Әке – асқар тау», шаңырақтың барлық ауыртпалығын көтеретін асыраушы, жақсы тәлім-тәрбие беруге міндетті адам.

Абай Құнанбайұлының кара сөзінде былай деген: «**Хош, Құдай Тағала бала берді, оны өзін жақсы асырай білесің бе? Білмейсің, бұрынғы өз күнәңді өзін көтергенімен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың**», – деп ата-ананың баланың алдындағы жауапкершілігі жоғары екенін, оларға жақсылап тәрбие беру, Отанын сүйуге, елі мен жеріне аянбай қызмет етуге, адамдармен көркем мәміле жасауға шақырады. Ислам белгілі ұрпақты тәрбиелеуге көңіл бөліп, тәрбиеленген буын өкілдеріне жауапкершілікті мойындарына артады. Отбасын сақтап қалу үшін өз бойымыздағы кемшілікті дұрыстай білсек, отбасылық өміріміз де реттеледі. Өзімізді дұрыстауымыз қажет, білген нәрсемізді амал етуді үйренсек, үлкен белестерге қол жеткіземіз. Отбасында осындай діни тәрбие көрген жастар ұлағатты, үлгілі отбасы болары сөзсіз. Осындай тәрбие алған жастарда ажырасу жиі кездеспейді. Өнегелі отбасы болуда жас жұбайлардың өзара сыйластық пен бір-біріне деген сенімдерін арттырып, бір-бірінің жауапкершілігін түсіне білуі маңызды.

**Унербай БАЙДУЛЛАЕВ,  
Алматы қаласы, Жетісу ауданы  
«Сұлтан Қорған» мешітінің  
наиб имамы**

### СУРАҚ-ЖАУАП

## ӨЗ ҚАБІРІН АЛДЫН АЛА ҚАЗЫП, ДАЙЫНДАП ҚОЙСА БОЛА МА?

«Қабірін алдын ала қазып, дайындап қоюдың ағаттығы жоқ» – дейді кей Ханафи кітаптарында. Тарихта өткен табиғин Омар ибн Абдульазиз, Рабиғ ибн Хайсам деген тұлғалардың өз қабірлерін қаздырып қойғандары деректерде айтылады. Бұл мәселені «егер өзінің меншігіндегі жер болса, рұқсат» дейтін Ислам ғалымдары бар. Ал бәріне ортақ мазаратта қабірін алдын ала қазып қою – өзгелердің ақысын шектеу болады дейді олар, өйткені «бұрын қайтыс болған – бұрын ол жерге лайықты».

Дегенмен, кімнің қай жақта өлері белгісіз, сол себепті, қабірін күні бұрын қазып қоюды ұнамсыз көретін ғұламалар да болған. Тіпті, Әзіреті Әбу Бәкірдің (с.а.у.), күрегі қолына алып өз қабірін қазуға бара жатқан адамға: «**Өзіңе қабір дайындама. Өзіңді қабірге дайында!**» деген астарлы сөзі кітаптарда келтіріледі.

Бүгінде кейбір мұсылман елдерінде өзінің келешекте жатар орны үшін қабірстаннан арнайы жер телімін сатып алып қою қажеттілігі туған.



## ЖЕР АСТЫНДА ШАХТАДА ҚҰБЫЛАНЫ ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

Намазда құбылаға беттеу – намаздың сыртқы парыздарының бірі. Онсыз намаз саналмайды.

(Құбыла – Мекке қаласындағы қағбаның орны. Ол – Оңтүстік-Батыс Азиядағы Сауд Арабиясы елінде).

Алайда кей жағдайларда құбыланың қай жақта екендігін анықтай алмай, дал болатын кездер кездесіп жатады. Мысалы, өзіңіз айтпақшы жер астында шахтада намаз оқитын кісіге құбыланы анықтау қиынға соғуы мүмкін,

ондайда не істемек керек?

Шахтада егер қолда компас болып, компаспен анықтай алатындай жағдайда болса, сол арқылы анықтаған дұрыс. Оған мүмкіндік болмаса, әрі қасында білетін ешкім болмаса, өзінше зерттеп-зерделеп, артынан, егер «құбыла мына жақта» деген тоқтамға келе алса, сол тоқтам жасаған тарапқа қарап оқиды. Ал, зерттеп-зерделеп, алайда ешқандай тоқтамға келе алмаса, қалаған жағына қарап оқи береді. Ең дұрысы – Аллаға мәлім!



## ЖЕР АСТЫНДА ШАХТАДА ҚҰБЫЛАНЫ ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

### ИТ СҮЙКЕНСЕ, ДӘРЕТ БҰЗЫЛА МА?

**Біріншіден**, иттің жүні таза саналады. Сол себепті, келіп аяғыңызға сүйкенген жағдайда, дәрет бұзылмайды, әрідесе, қосымша сүйкенген жерін жуып жіберудің қажеті жоқ. Әрине, егер үстінде нәжіс болып, сол жағылса, жуылу керек.

**Екінші жағдай** – дінімізде иттің сілекейі нәжіс саналады. Сондықтан да, егер киіміңізді ит жалап, сілекейі алақан ойығындай жерді былғаған болса, ол жер жуылмай, киім таза бо-

лып есептелмейді. Намазға жарамсыз. Ал егер сілекейі алақан ойығынан аз жерді былғаған болса, намазға жарамды. Дегенмен, жуып жіберген артық болмайды.

**Үшінші жағдай** – иттің сілекейі тиген жерді үш рет жуып, үшеуінде де қатты сығып тастап отыру арқылы тазалауға болады. Немесе сабынмен жақсылап жуып жіберсе де жарайды. Біздің мәзхабта ит жалаған жерді жеті рет жуу шарт емес, үш рет жуса жеткілікті.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ



ЕЛ ЕРТЕҢІ

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары өмір есігін ашқан азаматтар бүгінде әр салада еңбек етіп, ел дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Олар нағыз ел іргесін нығайтатын дер шақ 30 жаста. Демек, егемен елдің болашағы осы жастардың қолында. Оғанға деген абалдықты түсеткен осындай Тәуелсіздік құрдастарының Тәуелсіздік ұғымы жайлы ой-пікіріне кезек берсек.

Нұрбол Рашатұлы НҰҒЫМАНОВ



Батыс Жезқазған кенішінің №94-ші Апенник бөлімшесінің дозироващисі. Еңбек өтілі – 11 жыл.

Мен үшін Тәуелсіздік деген ұғым ешкімге бағынышты болмай, еркін өмір сүру, азат болу деп түсінемін. Көк аспанның астында бейбіт, тату-тәтті өмір кешу біз үшін үлкен бақыт. 30 жыл ішінде еліміз көркейіп, жақсы жетістерге қол жеткіздік. Көптеген ауыл, аймақтар дамып келеді. Жастар жақсы білім алып, ғылыми салада қызмет етуде. Жастар – Тәуелсіз елдің қайсар ұландары. Жүрегі қазақ деп соққан жас ұрпаққа болашақта білім мен ізденіс, табандылық тілеймін.

Еділ Маратұлы КҮЛШЕЙСОВ

№№1, 2, 3 Жезқазған байыту фабрикасының бас энергетигінің орынбасары. Еңбек өтілі – 7 жыл. ЖИГК колледжінің арнайы пәндер оқытушысы (қоса атқарушы), еңбек өтілі – 1 жыл.



«Тәуелсіздік» сөзінің адам өмірінің әр саласында анықтамалары бар. Жеке тұлға үшін Тәуелсіздік дегеніміз таңдауда, ойлау қабілетінде, өмірінде өзін еркін сезінуі. Тәуелсіз мемлекет дегеніміз – ол саяси азаттық, ұлттың, халықтың сыртқы факторларға бағынбауы. Өз саясатын азат жүргізуі және Елдің өз гимні, елтаңбасы және Мемлекеттік туы бар.

Тәуелсіздіктің Қазақстанға деген әсері мол. 1991 жылдан бүгінгі күнге дейін жетістіктері жетерлік. Түрлі салаларда жетекші елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан ядролық қауіпсіз мемлекеттердің қатарында. Қазақстан Халықаралық ықпалды және беделді ұйымдардың мүшесі. Орталық Азия аймағында бірінші ел болып ОБСЕ саммитін өткізген. 2017 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып, ЭКСПО Халықаралық көрмесін өткізді. Айтылып кеткен жетістіктерімен шектелмейді, экономика саласында жетекші 30 мемлекеттің арасында өзінің лайықты орнын алады.

Жалғас Болатұлы БАЛМАҒАМБЕТОВ

Алғашқы еңбек жолын «Қалалық автөкөлік жолдары басқармасында» жұмыскер ретінде бастап, 2010-2011 жылдары №№1, 2 Жезқазған байыту фабрикасында машинист болып істеді.



Елінің жарқын болашағын жасауға өз үлесін қосып жүрген жастардың бірі. Қазіргі таңда өзінің жеке кәсібін ашып оны дамыту, өркендету мақсатында үлкен жұмыстар атқаруда.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен үлкен киес. Таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдыретті сөз. Бұл – атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы бйік, керегесі кең мемлекет болып қалыптасты.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастардың қолында. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Мен де жеке кәсіпкер ретінде, еліміздің болашағы үшін еңбек етемін. Тәуелсіздігіміз құтты болсын! Мемлекетіміз өркендей берсін!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ақ халатты абзал жан, аяулы ана, ардақты әже Роза ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ!

Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Туған жеріңе туын тігіп, өсіп-өніп, ерен еңбегімен ел құрметіне бөленген Роза Төлегенқызы – Қарағанды медициналық институтының тұлғеі. Ел болашағы саналатын жас ұрпақтың денсаулығын сақтауды өмірлік мақсатына айналдырған мамандықты таңдап, 50 жылға жуық кәсіпті мекен Улытау өңіріндегі аудандық ауруханада үзілсіз еңбек еткен, талай сәбидің өміріне арашаны болып, денсаулық күзетіндегі сақшыдай қатқылсыз қызмет еткен абзал жан 75 жасты абыроймен бағындырды.



35 жыл құдай қосқан қосағы Әлсерік ТӨРЕБЕКҰЛЫМЕН бірге бақытты ғұмыр кешіп, 5 бала тәрбиелеп, 21 немере сүйді. Жары тәртіп сақшысы болса, өзі денсаулық күзетінде еліміздің дамуына, туған жерінің көркеюіне бірқасиеті ұлес қосты. Өмірден өткен жолдасының орнын жоқтатпай, бүгінде зейнеткерлікке шықса да, қалаған мамандығынан қол үзбей, сонынан ерген жастарға тәжірибесімен бөлісіп, мамандыққа адалдық жолына тәрбиелеп келеді. Елге арнаған еңбегі елеусіз қалмай, Роза Төлегенқызы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, көптеген аудандық, облыстық деңгейдегі Құрмет грамотасы, арнайы сыйлықтармен марапатталған.

Бүгінгі мерейтойымен құттықтай отырып, отбасына амандық мықты денсаулық тілейміз! Балаларыңыз жолыңызды жалғап, немерелердің жетістіктеріне қуанып, шөбере сүйіп, қуаныш-қызықтарына тоймай, бақытты да ұзақ ғұмыр сүріңіз, ортамызда ақылшы болып, жарқырап жүріңіз!

Тігі тілекпен, Үмбетовтар, Әбенбетовтар әулеті.



Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары! Қазіргі таңда интернет-алаяқтық қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналды. Жыл басынан бері Жезқазған қаласының аумағында интернет – алаяқтықтың 185 дерегі тіркелген. Оның ішінде аталған дерек бойынша 108 қылмыстық істер ашылған. Қазіргі таңда интернет-алаяқтықтың 77 дерегі бойынша қылмыстық іздестіру жүргізіліп жатыр.

Алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарламалар орналастырады немесе ақпарат пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Ең жиі кездесіп жүрген интернет-алаяқтықтың түрлері олар: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді немдену және банктен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр. Айта кететін тағы бір жағдай, интернет-алаяқтықтың көпшілігі трансшекаралық сипатқа ие. Мәселен, бір қылмыстық істе қаскүнем басқа өңірде, кейде тіпті басқа мемлекетте жүруі мүмкін. Сол себепті қылмыстың бұл түрін ашуға бірталай уақыт жұмсауға тура келеді. Өйткені өзге елде жүрген құдіктің немесе жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мекен-жайын анықтау үшін шет мемлекеттегі құқық қорғау органдарына сұрау салу мен тапсырмалар жіберу міндетті болып саналады. Ал бұл іс-шараның барлығы бірден шешіле қоятын оңай шаруа емес. Сондықтан қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенебуге шақырамыз.

Асхат СМАҒҰЛОВ, Жезқазған қаласы ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі

ТЕАТР

ЖАҢА СПЕКТАКЛЬ КӨРКЕМДІК КЕҢЕСКЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Таяуда С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрында драматург Олжас Жанайдаровтың «Жұт» пьесасы бойынша қойылған спектакль көркемдік кеңеске қабылданды. Спектакльді қойған Мәскеу академиялық К.Станиславский атындағы Электротeatрының артисі, О.Табаков атындағы театр жұлдесінің иегері, «Кинотаер», «Евразия», «Шәкен жұлдыздары» кинофестивальдерінің «Үздік ер ролі» номинациясының жұлдесі, ресейлік талантты актер Азамат Нигманов. Қоюшы-суретшісі французиялық суретші Эльвира Коваль (Elle Ranche) және Қуат Дүйсенбек. Жарық суретшісі Бәйтен Омаров атындағы «Жас сахна» театрының жарық берушісі Данияр Сатыбалдиев, музыкасын жазған композитор Әсет Омарова. Орыс тілінен қазақшаға аударған Алмас Алтай.



Азамат Нигманов үстеміздің жылыдан қаңтар айында театр басылылығының шақыртуымен жас актерлермен бір жетілік мастер-класс өткізген болатын. Сол жолы спектакльді қою туралы келісім жасалып, тамыз айында театрға келіп, аз уақыт ішінде спектакльді дайындап, көркемдік кеңеске ұсынды.


«Жұт» шығармасының авторы – ресейлік жазушы-драматург, журналист Олжас Жанайдаров. Ол бірнеше прозалық және драмалық шығармалардың авторы. Оның пьесалары Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосибирск, Петропавловск және еліміздің бірқатар театрларында сахналандып жүр. Аталған «Жұт» пьесасы бүкіл ресейдің «Кейіпкер -2013» драматургиялық конкурсында бірінші орын, қазіргі заман драматургиясы халықаралық конкурсының «Пьеса» номинациясында үшінші орын алған.

«Жұт» – 30-жылдардағы аштықты өзек еткен шығарма. Автор драмада өмірді бұрмаламай шынайы беруді мақсат еткен. Пьеса оқиғасы екі заманда – бүгінгі Мәскеу мен отызыншы жылдардағы аштық жайлаған қазақ даласын қамтиды. Бірақ режиссер пьесадағы Ербол мен мәскеулік журналист кездесетін көрінісін алып тастап, спектакль оқиғасын Ерболдың атасының жазып қалдырған жазбалары негізінде қазақ даласын кеңінен қамтып, миллиондаған адамның өмірін қиған ашаршылық пен оның әкелген қайғы-қасіретін көрсетуді мақсат еткен.

Спектакльде екі-ақ кейіпкер бар: олар – Ахмет пен Сәуле. Халқымыздың басына түскен трагедия осы отбасының тауқыметті тағдыры арқылы көрсетілген. Ахмет аздаған сауаты арқасында партия активінде қызмет етіп, нан-пұлын тауып жүрген. Бірақ Сәуленің байдың қызы екенін біліп қалған олар Ахметті жұмыстан шығарып жібереді. Осыдан соң отбасында қиындық басталады. Тұңғыштарының аштықтан шетінеп, кейінгісінің ауырып қайтып, әбден шаршап қажыған, өмірден түңілген Ахмет пен Сәуле бұл тығырықтан шығар жол іздейді. Оны Сәуле табады. Екі баласынан айрылып, өмірден күдер

жылдардағы аштық жайлаған қазақ даласын қамтиды. Бірақ режиссер пьесадағы Ербол мен мәскеулік журналист кездесетін көрінісін алып тастап, спектакль оқиғасын Ерболдың атасының жазып қалдырған жазбалары негізінде қазақ даласын кеңінен қамтып, миллиондаған адамның өмірін қиған ашаршылық пен оның әкелген қайғы-қасіретін көрсетуді мақсат еткен.

Спектакльде екі-ақ кейіпкер бар: олар – Ахмет пен Сәуле. Халқымыздың басына түскен трагедия осы отбасының тауқыметті тағдыры арқылы көрсетілген. Ахмет аздаған сауаты арқасында партия активінде қызмет етіп, нан-пұлын тауып жүрген. Бірақ Сәуленің байдың қызы екенін біліп қалған олар Ахметті жұмыстан шығарып жібереді. Осыдан соң отбасында қиындық басталады. Тұңғыштарының аштықтан шетінеп, кейінгісінің ауырып қайтып, әбден шаршап қажыған, өмірден түңілген Ахмет пен Сәуле бұл тығырықтан шығар жол іздейді. Оны Сәуле табады. Екі баласынан айрылып, өмірден күдер



үзген, аштықтан жүруге шамасы жоқ Сәуле Ахметке жүк болмай, оның тірі қалып, ұрпақ жалғастыруы үшін өзін құрбандыққа шалады. Сол әрекетімен қандай қиындықтан болсын жол тауып, ер-азаматын, отбасын бәрінен биік қойған қазақ әйелінің асқан бейнесін көз алдына келтіреді.

Спектакльде бар болғаны екі кейіпкер бар дедік. Бірақ сол кейіпкерлерді әр көріністе әр түрлі артистер ойнайды. Мәселен, Ахметті – Ардақ Жарқынбеков, Нұржан Бейісбеков, Нұрлыхан Байғызев, Саят Ернарзар, Сәулені – Әйгерім Бергенова, Қанағат Бейсембай, Айнур Қабыршаова, Тоғжан Үмбетжанова ойнады. Бұл арқылы режиссер кейіпкерлерінің әр сәттегі эмоциялық көңіл-күйін – қорқынышы мен үрейін, шарасыздығы мен тағдырға мойынұсынған әлсіздігін әр түрлі көрсетуді мақсат еткен болар.

Ен даланы жайлаған жұт, аштан қырылған халық бейнесі көпшілік сахнадағы артистер әрекеттері арқылы көрініс тапқан. Сондай-ақ, жазықсыз жазаланған, «халық жауы» атанғандарды жазалау көріністері де солар арқылы беріледі.

Сахнаның артқы планында екі үнсіз (Мәди Саденов, Медет Сламгазы) кейіпкер орналасқан. Болып жатқан оқиғаға қатысы жоқ жандардай ешнәрсеге селт етпейді. Өлгендерді сүйреп тастап, қолдары тыным таппай

әбжіл қимылмен алдарына келгенді кескілеп, тұрап тұр. Бейне қателеспейтін, жаңылыспайтын машина дерсін. Кейде олар қарапайым халықтың басына келген зауалмен ісі жоқ, «тапқанға – мас, ішкенге – тоқ» билік басындағы атқамінерлерді де елестетеді. Елді жайлаған аштықты режиссер осындай жан түршіктер көрініс арқылы бейнелейді.

Өрине, экспериментальдық бағытта қойылған спектакльді классикалық спектакльдерге көзі үйренген біздің көрермендердің қабылдауы қиындық болар. Дегенмен, жаңашыл спектакль репертуарыға енді, бағасын көрермен бере жатар.

«Адам бойындағы пасықтық та, арамзалық та, ар-намыс та болады. Бірақ қандай сұмдық жағдай болсын, адам болып қалуға болады» деген автор позициясын режиссер жүзеге асырып, қиын-қыстау заманды бастап кешкен адамның өзінің адами қелбетін жоғалтпай, қалай төтеп бергенін көрсетіп, нанымды жеткізе алды деп ойлаймыз.

Спектакль премьерасы осы жылдың 21-23 қыркүйегі аралығында өтетін Ж. Хаджиев атындағы форум-фестивальде көрсетілетін болады.

Үмітай МОЛДАБЕРГЕН, театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі

ГИПНОЗДЫҢ ПАЙДАСЫ БАРШЫЛЫҚ

Ежелгі Египет, Тибет, Греция және Үндістан елдерінен бастау алатын гипноз ұғымын ауызға алған сәтте көптің ойына сиқырлауға саятын магиялық құбылыс түсетіні рас. Мұны Құдайға қарсы шығуға балайтындыр бар. Сергектік жағдайды өзгертуден туындайтын санадың осынау уақытша күйі саналатын аталған құбылыс ұйқыға ұқсас болып келеді. Дегенмен тәтті ұйқы құшағындағы адам ес-түссіз қалыпта өмір сүрсе, гипноз жағдайына түсуші сыртта болып жатқан барлық әрекетті сезіп, біліп, түсініп отырады екен. Гипнозді өмірде гипнозға түскен адамды жиі кездестіргенімізбен оның бары белгілі. Оны психологтармен қатар денсаулық сақтау саласының мамандары мойындап отыр. Гипноз пайда болған орта ғасырларда ол ауруды басатын дәрі қызметін алмастырған. Қазіргі таңда қандайда бір ота жасау барысында адамға наркоз ексе, ол жөк кезеңдерде науқасты ұйықтатып тастау үшін гипнозгерлерді шақыруға тура келген. Қазіргі таңда да гипноз әдісі жиі қолданылып келеді. Ол әсіресе, психологияда жан дертін емдеп, ішкі аурудың себебін анықтауда таптырмай тәсіл болып отыр.

Бүгінгі медицина гипноздауды тек өзге ғана емес, өзіне де жасауға болады дейді. Қош, алдымен, бәрімізге белгілі біреуге жасайтын гипноз туралы сөз етсек. Бұл процесі жасар алдында әлгі алдыңыздағы жаның рұқсатын алуды ұмытпаңыз. Қаншама ғасырлардан бері гипноздау тәсілі кенінен танылып, қылмыстық істерді тергеу барысында да қолданылып келе жатқанмен дүниежүзілік адам құқығын қорғау ұйымдары оны қарама-қарсы тараптың келісімінсіз жасауға тыйым салған. Яғни, қанша жерден аса ауыр қылмысты ашып, қылмыскерді сөйлеткіңіз келгенімен, ол мақұлдасқа бұл әдісті қолдануға хакыңыз жоқ.

Өлемде болып жатқан ұрлық-қарлықтың біраз бөлігі ұрылардың дүкен қассасында тұрған адамға гипноз жасауынан орын алады екен. Сол себепті психологтар адам көзіне ұзақ уақыт тіке қараудан қашуымыз қажетін айтады.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, қазір өзіңіз гипноздау әдісі танымалдыққа ие. Сөйкесінше бұның жолын үйретіп, ақша тауып отырған гипнозгерлер де көбейген. Яғни, сіз алысқа шауып, сандалмай-ақ, әлеуметтік желілер арқылы онлайн курстарға қатысып, гипноздау тәсілін меңгере аласыз. Сол



арқылы өзіңізді де гипноздап тұпсананызда жасырылған, өзіңіз ұмытып қалған естеліктерді, ішкі дертіңіздің сырын, тән ауруының бастапқы себебін анықтау мүмкіндігіне ие боласыз. Бұл тұста білікті маманға тап болсаңыз – жолыңыздың болғаны. Әйтпесе, терең гипнозға түсіп, ояна алмай қалатын жайттар да жиі кездеседі. Демек, ойланбай әрекет етіп, опық жууден сақтану аса маңызды.

Халық арасында гипнозгерлерге қатысты екі түрлі пікір кездеседі. Бірі – олардың жұмысына медициналық тұрғыдан оң баға берсе, екіншілері – адашушылық сипатқа балап, күнәлік істер қатарына қосады. Осы мәселеге қатысты сертификатты нумеролог маман, өз шеберлігімен танғалдырып жүрген жезқазғандық Алтынай Қабылованың пікірін біздің жөн көрдік.

– Кез-келген салада сол істің нағыз майталманының көмегіне жүгінесек қана белгілі бір дәрежеде нәтижеге жетуге болады. Гипноз әдісін парансихологияда, нумерологияда да жиі қолданады. Менің саламда бұл регресс-нумерологияға етене жақын. Регресс-нумерологияны да, гипнозды да жеке адам өзі оқып, үйренсе алады. Дегенмен, олардың бәрінде бірдей адаммен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді және мұны мен өте дұрыс әрекет деп білемін. Себебі, адамның ішкі жан-дүниесімен, тұпсанасымен жұмыс істейтін адамда мол жауапкершілік, терең білім, ізгі адами қасиет болуы қажет. Аталған қасиеттерден ада, бар көздегені ақша, көккағаздың соңында жүрген біреудің адам ойын ойыншық етуіне жол берілмеу керек. Бұл – өте қорқынышты нәрсе. Қазір екі-үш күндік курстарды оқып, сертификат алып, адамдармен жұмыс істеп жүргендер қарасы көп. Мен өзім бұл салада 4 жылдан бері айналысып келемін. Сонда да білетінім – бір тоғыз, білмейтінім – тоқсан тоғыз. Біз адамның ішкі ойларымен жұмыс істегенде аса мұқияттылықпен жұмыс істеуіміз керек, – деген ол гипноз әдісінде кім көрінгеннің есігін жағаламай, қасібі мамандармен кеңесу қажетін ескертті.

Ай СҮГІР